

Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2006 жылға арналған жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі N 112-ө Өкімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы " Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің 17-тармағын о р ы н д а у ү ш і н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2006 жылға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарға сәйкес тиімді ақпараттық жұмысты;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда бір рет есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылуы туралы жиынтық ақпарат б е р с і н .

4. Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 29 сәуірдегі
N 112-ө өкімімен

бекітілген

Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстыру жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2006 жылға арналған жоспары

Р/с N	Іс-шара	Өткізу орны*	Өткізу мерзімі	Орындауға жауаптылар
----------	---------	-----------------	-------------------	-------------------------

					Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі іс-шаралар					
1.	Халықаралық Ганновер көрмесінің шеңберінде " Орталық Азия және Каспий өңіріндегі экономикалық әріптестер" атты Өңірлік күн	Ганновер қаласы, Германия Федеративтік Республикасы	27 сәуір	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, даму институттары	СІМ-нің " Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, даму институттары
2.	"Қазақстан Республикасының инфрақұрылымын дамытуға жеке меншік сектордың қатысу мүмкіндіктері" конференциясы	Майндағы Франкфурт қаласы, Германия Федеративтік Республикасы	Сәуір	ККМ, ИСМ, ЭМРМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары	СІМ-нің " Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, "Қазинвест" ЖШС даму институттары
3.	Саксониядағы және Тюрингиядағы Қазақстан экономикасының күндері	Дрезден қаласы, Гера қаласы, Германия Федеративтік Республикасы	Мамыр	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, даму институттары, "Қазинвест" ЖШС	СІМ-нің " Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, даму институттары "Қазинвест" ЖШС
4.	" Қазақстан күні" атты Қазақстан Республикасының экономикалық және инвестициялық мүмкіндіктері туралы семинар	Джидда қаласы, Сауд Арабиясы Корольдігі	Бірінші жарты жылдық	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары	СІМ-нің "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары
5.	"Қазақстанның инвестициялық ахуалы және Гонконгтың инвестициялық мүмкіндіктері" конференциясы	Гонконг қаласы, Қытай Халық Республикасы	Шілде	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары	СІМ-ның " Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, "Қазин-

					вест" ЖШС, даму институттары
6.	"Қазақстандық және американдық іскер топтар қатысатын инвестициялық конференция (мұнай-химия, металлургия, IT-технологиялар, көлік инфрақұрылымы)	Атланта қаласы, Америка Құрама Штаттары	Тамыз	ЭМРМ, ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары	СІМ-нің "Шетелдік іссапарлар бюджеттік бағдарламасы, "ҚазМұнай-Газ" ҰК" АҚ, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары
7.	Қазақстандық және британдық іскер топтар қатысатын бизнес-конференция (тоқыма өнеркәсібі, мұнай-газ машиналарын жасау, металлургия, көлік инфрақұрылымы)	Лондон қаласы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі	Қазан	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары	СІМ-ның "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары
8.	"Стратегия және ауыл шаруашылығы секторы: экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы кластерлерін бастау және басқару" Халықаралық сауда орталығының форумы	Швейцария Конфедерациясы Берн қаласы	Қазан	АШМ	СІМ-нің "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы
9.	Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын таныстыру, Қазақстан Республикасының кластерлік саясаты жөніндегі форум	Майндағы-Франкфурт қаласы, Германия Федеративтік Республикасы	15-16 қараша	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары	СІМ-нің "Шетелдік іссапарлар бюджеттік бағдарламасы, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары
10.	"Инвестор Экспо 2006" 8-ші Халықаралық көрме-конференция	Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы	Қараша	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік	СІМ-нің "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдар-

				органдар,» "Қазинвест" ЖШС	ламасы, "Қазинвест" ЖШС
11.	"Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері" бизнес-форумы	Куала-Лумпур қаласы, Малайзия	Қараша	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары	СІМ-нің» "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы,» "Қазинвест" ЖШС, даму институттары
12.	"Оңтүстік" АЭА таныстыру	Пәкістан Ислам Республикасы, Үндістан Республикасы	Жыл ішінде	ИСМ, ЭБЖМ, АШМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, даму институттары, "Оңтүстік" АЭА дирекциясы	СІМ-нің» "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, даму институттары, Оңтүстік АЭА дирекциясы
13.	"Сүт индустриясы 2006" 4-ші Халықаралық форум	Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы	Жыл ішінде	АШМ, Қазақстан Сүт одағы	СІМ-нің» "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, Қазақстан Сүт одағы
14.	Мұнай-химия кластерін және Оңтүстік Қазақстан облысында тоқыма кластерін дамыту жөніндегі жұмыстар шеңберінде қазақстандық және финдік іскер топтар қатысатын бизнес-форум	Хельсинки қаласы, Финляндия Республикасы	Жыл ішінде	ИСМ, ЭМРМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "ҚазМұнай-Газ" ҰК" АҚ, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары	СІМ-нің» "Шетелдік іссапарлар" бюджеттік бағдарламасы, "ҚазМұнай-Газ" ҰК" АҚ, "Қазинвест" ЖШС, даму институттары

Қазақстан Республикасындағы іс-шаралар

--	--	--	--	--	--

15.	3-ші Қазақстандық мұнай-химия конференциясы	А л м а т ы қаласы	26 сәуір	"SAT & Company" ЖШС, ЭМРМ, "ҚазмұнайГаз" ҰК" АҚ, даму институттары	"SAT & Company" ЖШС, "Қазмұнай Газ" ҰК" АҚ
16.	Құрылыс материалдары кластерін дамыту жөніндегі бизнес-форум	Астана қаласы	Мамыр	"Индустриялық-инновациялық даму орталығы" ЖШС, "Қазинвест" ЖШС	"Индустриялық-инновациялық даму орталығы" ЖШС, "Қазинвест" ЖШС
17.	Қазақстандық және италияндық іскер топтар қатысатын бизнес-форум (тоқыма, мұнай-химия, мұнай-газ машиналарын жасау, көліктік инфрақұрылым)	Астана, Алматы, Атырау, Теміртау, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Орал қалалары	19-23 маусым	ИСМ, СІМ, "Италия-Қазақстан" қауымдастығы, даму институттары	"Италия-Қазақстан" қауымдастығының қаражаты
18.	Шетел мемлекеттерінің дипломатиялық миссиялар өкілдерінің, шетелдік компаниялардың Қазақстандағы, Ресейдегі және Орталық Азия елдеріндегі өкілдіктері қатысатын қазақстандық экономиканың басымды салаларын дамытуға арналған инвестициялық конференция	Астана қаласы	Шілде	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, даму институттары	Даму институттары
19.	Оңтүстік-Қазақстан облысында тоқыма кластерін дамыту мәселелері жөніндегі 2-ші халықаралық конференция	Ш ы м к е н т қаласы	Жыл ішінде	ИСМ, "Оңтүстік" АЭА дирекциясы, мүдделі мемлекеттік органдар, даму институттары	"Оңтүстік" АЭА дирекциясы, даму институттары

* Инвестициялық іс-шаралар Мемлекет және Үкімет басшысының шетелге сапары шеңберінде, ел басшылығының, Қазақстан өңірлері бойынша сапары кезінде, сондай-ақ шетел мемлекеттері басшыларының 2006 жыл ішінде Қазақстанға сапары барысында өткізілуі мүмкін. Көрсетілген іс-шараларды өткізу мерзімі мен орны болжамды болып табылады, қазақстандық тараптың шетелдік ұйымдастырушыларымен уағдаластығына

байланысты

өзгертілуі

мүмкін.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"Қазинвест" ЖШС - "Қазақстандық инвестицияларға жәрдемдесу орталығы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"Индустриялық-инновациялық даму орталығы" ЖШС - "Индустриялық-инновациялық
даму орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"SAT & Company" ЖШС - "SAT & Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"Оңтүстік" АЭА - "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы

Д а м у и н с т и т у т т а р ы :

"Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамы
"Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы
"Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы
"Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" акционерлік қоғамы
"Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік
сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамы
"Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы